

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғау жөніндегі шұғыл шаралар туралы және білім беру мекемелерінің балаларын, тәрбиеленушілерін, оқушылары мен студенттерін киіндіруге және тамақтандыруға арналған шығындардың заттай мөлшері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 31 наурыз N 376. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.05.17. N 738 қаулысымен.~ P000738

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды, тәрбиеленушілерді, оқу орындарының оқушылары мен студенттерін әлеуметтік жағынан қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қ а у л ы е т е д і :

1. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелерді олардың өтінімдері бойынша тамақ өнімдерімен, киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ мүкәммалмен және қажетті жабдықтармен бірінші кезекте қамтамасыз етсін.

2. Балалар үйлерінде тұратын, оқу-тәрбие мекемелерінде, отбасылық балалар үйлері мен оқу орындарында тәрбиеленетін және оқитын (түрі мен ведомстволық бағыныштылығына қарамастан) жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін:

а) киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ мүкәммалмен және қажетті жабдықтармен қамтамасыз етудің мөлшері 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес;

ә) жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы әрбір тәрбиеленушіге мәдени-бұқаралық жұмыстарға, шаруашылық мүкәммалын, жеке бас гигиенасы, ойын заттарын, ойыншықтар, кітаптар сатып алуға шығындар сомасы, жабдықтар мен мүкәммал сатып алуға және үйлер мен ғимараттарды күрделі жөндеуге кеткен шығындарды есептемегенде, осы мекемелерде тәрбиеленушілерді ұстау құнының кемінде 3 проценті мөлшерінде б е л г і л е н с і н .

Барлық үлгідегі балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың әкімшіліктеріне мекеме Кеңесімен келісу бойынша жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың жеке өзінің жұмсауына ақша қаражатын төлеу мөлшерін белгілеу құқығы берілсін.

3. Жалпы үлгідегі жалпы білім беретін мектеп-интернаттардың және дене немесе ақыл-ойының жетілуінде кемістіктері бар балалар үшін арнаулы

мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілерін, сондай-ақ мемлекет толық қамтамасыз ететін мектептер жанындағы интернаттарда тұратын тәрбиеленушілерді және тәрбиенің айрықша жағдайын қажет ететін балалар мен жас өспірімдерге арналған мектептердегі оқушыларды киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз етудің мөлшері 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Тамақтандырудың заттай мөлшері мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, сәбилер үйлерінің, балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың, жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, ақыл-ойы немесе дене бітімінің жетілуінде ауытқушылықтары бар балалар үшін арнаулы мектептердің, тәрбиенің айрықша жағдайын қажет ететін балалар мен жас өспірімдерге арналған мектеп-интернаттар мен кәсіптік-техникалық училищелердің, санаторий үлгісіндегі мектеп-интернаттардың, жалпы білім беретін мектептер, орта арнаулы музыка және көркемөнер мектептері жанындағы интернаттардың, интернат үйлерінің балаларына, оқушыларына, тәрбиеленушілеріне, сондай-ақ ішкі істер органдарының қабылдау-бөлу орындарына түскен балалар мен жас өспірімдерге, жекелеген пәндерді тереңдете оқытып-үйрететін мамандандырылған мектеп-интернаттардың оқушыларына - 5, 6, 7, 8 қосымшаларға сәйкес; ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жетім балалар қатарындағы кәсіптік-техникалық училищелер мен арнаулы орта оқу орындарының оқушыларына, жоғары оқу орындарының студенттеріне - 9 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған балалар қатарындағы жоғары, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарының студенттері мен оқушылары оқу процесі кезеңінде жетім балаларға арналған күндік рационы құнының 40 проценті есебінде тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған балаларға жалпы білім беретін мектеп және спорт киімі берілсін, сондай-ақ жалпыға бірдей оқыту қорының қаражаты есебінен олар таңертеңгі тамақпен қамтамасыз етілсін.

6. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан барлық үлгідегі оқу-тәрбие мекемелерін бітірушілерге, соның ішінде кәсіптік-техникалық училищелер мен орта арнаулы оқу орындарын бітірушілерге кәсіптік-техникалық, арнаулы орта және жоғары оқу орындарына түскен кезде 10 қосымшаға сәйкес жаңа киім жиынтығы, аяқ киім, сондай-ақ екі есептік көрсеткіш сомасында біржолғы ақшалай жәрдемақы берілсін.

ЕСКЕРТУ. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.09.

7. Оқу кезеңінде мемлекеттің толық қамтамасыз етілуінде болған жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың қатарындағы оқуды бітірушілер жұмысқа жіберілгенде және еңбекке орналасқанда оқу мекемелерінің қаражаты есебінен 11 қосымшаға сәйкес киіммен, аяқ киіммен, жұмсақ мүкәммалмен және жабдықтармен, сондай-ақ төрт есептік көрсеткіш сомасында біржолғы ақшалай жәрдемақымен қамтамасыз етіледі.

Оқу орындарының басшыларына бітірушілердің тілегі бойынша 11 қосымшада көрсетілген киім, аяқ киім, жұмсақ мүкәммал мен жабдықтардың орнына оларды сатып алуға қажетті мөлшерде ақшалай өтем жасауға, немесе аталған соманы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі мекемелеріне бітірушінің атына салып ретінде аудару құқығы берілсін. Оларды жұмысқа қабылдаушы кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер өз қаржылары есебінен төрт орта айлық еңбекақы мөлшерінде біржолғы материалдық көмек көрсетеді.

Жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған балалар қатарындағы оқуды бітірушілерге, олар жұмысқа орналасқанда, кәсіпорын, мекеме, ұйым есебінен оларға үш есептік көрсеткіш сомасында біржолғы жәрдемақы төленеді және қажетті киім, аяқ киім, басқа мүлік сатып алынады (ең төменгі 10 жалақы мөлшері шегінде).

ЕСКЕРТУ. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.09.

№ 987 қаулысымен.

8. Киім-кешекпен, киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз етуге мүмкіндік болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне, өз бағынысында оқу орындары мен оқу-тәрбие мекемелері бар министрліктер мен ведомстволарға, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдеріне жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы тәрбиеленушілерге, оқушыларға, студенттерге берілетін киім, аяқ киім, мүкәммал орнына ақшалай өтемнің мөлшерін белгілеу құқығы берілсін.

9. Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің басшылары жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан интернат мекемелері мен оқы орындарын бітіріп, жұмыс істейтіндеріне тұрғын үй-тұрмыстық жайғастырылуы мен ұзақ мерзімге пайдаланылатын тауарлар сатып алу үшін жеңілдікті жағдайда ұзақ мерзімді несие берілуіне, сондай-ақ қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жеңілдікпен тұрғын үй алуына ықпал ететін б о л с ы н .

10. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Мәдениет министрлігі, Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері жетім балалардың және балалар үйлерінде,

мектеп-интернаттарда, кәсіптік-техникалық училищелерде, отбасылық түрдегі балалар үйлерінде және балаларды қабылдап алған отбасыларында тәрбиеленген ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды, сондай-ақ азаматтар қорғаншылығына (қамқоршылығына) алған балалардың спорт, көркемөнер және музыка мектептерінде, өнер мектептерінде оқығаны үшін төлемнен босататын б о л с ы н .

11. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың кинотеатрларға, көрмелерге, мұражайларға, спорт ғимараттарына баруына байланысты шығындары олар оқитын оқу мекемелерінің шығын сметалары есебінен жүзеге асырылады.

Балалар үйлерінде және мектеп-интернаттарда тәрбиеленуші жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың, сондай-ақ жетім балалар қатарынан арнаулы орта, кәсіптік-техникалық және жоғары оқу орындарында оқитын оқушылар мен студенттердің қоғамдық көлікпен жүруге байланысты шығындары оқушы және студенттік жол жүру билеттерінің құны шегінде оқу мекемелерінің есебінен жүзеге асырылады.

12. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Денсаулық сақтау министрлігімен бірге, облыстардың, Алматы, Ленинск қалаларының әкімдері азаматтардың қорғаншылығындағы, азаматтардың қамқорлығындағы, жалпы білім беретін мектептердегі, балалар үйлеріндегі, мектеп-интернаттардағы, кәсіптік-техникалық училищелердегі, арнаулы орта және жоғары оқу орындарындағы жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды демалыс лагерьлеріне, оның ішінде санаторий үлгісіндегіге, пансионаттар мен профилакторийлерге, демалыс үйлеріне, студенттік сауықтыру лагерьлеріне, ал медициналық айғақтамалары болған жағдайда - тиісті бейімдегі санаторийлерге тегін жолдамалармен толық қамтамасыз етуді көздесін. Осы мақсат үшін қаражат әлеуметтік сақтандыру бюджетінде қарастырылады. Тәрбиеленушілердің, оқушылар мен студенттердің (қажет болған жағдайда оларға ерген адамдардың да) демалыс (емдеу) орындарына баруына, қайтуына, сондай-ақ қосымша жолдамалар сатып алуға байланысты шығындар оқу-тәрбие мекемелерін ұстауға бөлінген қаражат есебінен өтелінетін болсын.

13. Өздерінің ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық үлгідегі кәсіптік-техникалық училищелерде, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ оқу кезеңінде екі бірдей, немесе жалғыз тумасынан айырылған студенттер мен оқушылар мемлекет тарапынан толық қамтамасыз етілуге алынады. Оларға белгіленген тәртіпке сәйкес стипендия тағайындалып, төленеді, сондай-ақ стипендия қоры қаражатынан оларға жыл сайын материалдық көмек көрсетіледі.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы басқа қалада тұратын оқушылар мен студенттерге оқу орнына келген сәттен бастап тегін тамақ беріледі.

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы кәсіптік-техникалық училищелері мен арнаулы оқу орындарының оқушыларына, жоғары оқу орындарының студенттеріне медициналық айғақтамалары бойынша академиялық демалыс берілген кезде материалдық қамтамасыз етілуі белгіленген тәртіппен сақталады.

14. Жоғары оқу орындарының ректорларына, кәсіптік-техникалық және арнаулы орта оқу орындарының директорларына:

а) жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы оқушылар мен студенттерге каникул кезеңінде өздері тәрбиеленген мекемелер мен отбасыларына барып-қайту уақыты үшін қызметтік іссапар нормалары бойынша оқу орындарының қаражаты есебінен тәуліктік шығындарын төлеуге;

ә) жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы студенттер мен оқушыларға каникул күндері ұйымдасқан түрде демалу орындарына бара алмаған, сондай-ақ науқастанған кезеңіне үстеме сауда бағасын ескере отырып белгіленген тамақ мөлшері құнының шегінде қолма-қол ақша беруге рұқсат етілсін.

15. Балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың директорларына жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы кәсіптік-техникалық училищелерінің, арнаулы орта және жоғары оқу орындарында оқитын бұрынғы тәрбиеленушілерінің өз каникулдарын балалар үйінде немесе мектеп-интернаттарында тегін тұрып, тамақтану арқылы өткізулеріне рұқсат ету құқығы берілсін.

16. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар негізгі немесе толық жалпы білім беретін мектептерді, кәсіптік-техникалық училищелерін бітірген соң жоғары және арнаулы оқу орындарына конкурстан тыс қабылданады. Бұл ретте аталған адамдарға оқу орны жатақхана (тұрақ орын) беруге міндетті.

17. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың өздері тұратын мемлекеттік тұрғын үй қорының тұрғын жайларын меншігіне тегін алуға құқығы бар.

18. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Мәдениет министрлігі, Қаржы министрлігі, Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, оқу орындарының басшылары, жергілікті атқару органдары жанындағы қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алу органдары отбасылық үлгідегі балалар

үйлеріндегі, қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) алынған балалардың, оқушылары мен

тәрбиеленушілерінің, жетімдер мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы студенттердің әлеуметтік жағынан қорғалу кепілдігін орындауды қамтамасыз ететін болсын.

19. Министрліктер мен ведомстволар Әділет министрлігімен бірлесе отырып ведомстволық нормативтік актілерінің осы қаулыға сәйкес қайта қаралуын қамтамасыз етсін.

20. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің мына қаулылары 12 қосымшаға сәйкес күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 31 наурыздағы
N 376 қаулысына
1 қосымша

Балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін, жетім балаларды және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, барлық үлгідегі мектеп-интернаттарда тұратын балаларды (мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді қоса алғанда) киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз етудің

Мөлшері

Атауы ! Өлшем ! Мектеп жасын ! Мектеп жасына
!бірлігі!дағы бір тәрби!дейінгі бір
! ! еленушіге !тәрбиеленушіге
! !-----
! ! саны ! киілу ! саны ! киілу
! ! !мерзімі! !мерзімі
! ! ! (жыл) ! ! (жыл)

1 2 3 4 5 6

Киім-кешек

Қыстық пальто дана 1 2 - -

Қыстық пальто, тон	>>	-	-	1	2		
;Маусымдық пальто, куртке	>>	1	2	1	2		
;Мектеп киімі	жиынтығы	1	1	-	-		
Балалар ұйымының киімі (жүннен тоқылған)	>>	1	1	-	-		
;Балалар ұйымының киімі (мақта-матадан тігілген)	>>	1	1	-	-		
;Ер балалардың мақта-матадан тігілген ақ көйлектері	дана	2	2	-	-		
Қыз балалардың үлгі көйлегіне алжапқыш:							
қара түсті	>>	1	1	-	-		
; ақ түсті	>>	1	1	-	-		
;Спорт киімі, кедалар	жиынтығы	2	2	-	-		
Ер балалар костюмі	>>	3	2	3	1		
;Қыз балалар көйлектері (белдемше, кеудеше)	дана	3	2	3	1		
Қыз балалар үйде киетін халаттар	>>	2	2	2	2		
;Ер балалардың мақта-матадан тігілген сыртқы көйлектері	>>	3	1	3	1		
;Жүннен тоқылған көйлектер (мерекелік)	>>	2	1	2	1		
;Жүн матадан тігілген костюм (мерекелік)	жиынтығы	1	1	1	1		
Жүннен тоқылған свитерлер (жемпірлер)	дана	1	2	2	2		
Жаздық көйлектер (мерекелік)	>>	2	1	2	1		
;Қыз балалар іш киімі	>>	2	1	2	1		
;Жаздық бас киім	>>	1	1	1	1		
;Қыстық бас киім	>>	1	2	1	2		
;Қыз балалар жағалары (манжеттері)	жиынтығы	3	1	-	-		
Қол орамалдар	дана	4	1	4	1		
Ер балалар шалбарының белбеуі	>>	1	1	-	-		
;Жартылай жүнді шарф	>>	1	2	1	2		
;Қолғап (биялай)	жүп	2	1	2	1		
Іш киім	жиынтығы	4	2	5	2		
Қыз балалар белдігі	дана	1	1	-	-		
Қыз балалар бюстгальтері	>>	3	1	-	-		

;Кыз балалар трикосы	>>	5	1	5	1
;Спорттық сәттеннен тігілген трусилер	>>	2	1	3	1
;Майкалар	>>	3	1	3	1
;Мақта-матадан тоқылған шұлық, ұйық, гольфтар	жүп	5	1	6	1
Жүннен тоқылған шұлық, ұйық, гольфтар	>>	2	1	2	1
;Бәтеңкелер, туфли (сандал)	>>	3	1	3	1
;Кросовкалар	>>	1	1	1	1
;Шәрки	>>	3	1	3	1
;Пима (қыстық етік, бәтеңке)	>>	1	1	1	1
;Резеңке етік	>>	1	2	1	2
;Галош	>>	-	-	1	2
;Шаңғы костюмі	дана	1	2	1	2
Спорттық бас киім	>>	1	2	1	2
;Түнгі көйлек, пижама	>>	2	1	2	1
;Колготкалар	>>	5	1	6	1
;Алжапқыштар (ер балалар көкірекшелері)	>>	-	-	2	1
;Құмда жату, шомылу, малту іш киімдері	>>	1	1	1	1
;Бас киім	>>	1	2	1	2
;Жұмыс киімі	жиынтығы	1	2	-	-
Арнаулы киім	>>	1	1	-	-
;Портфель, сөмке	дана	2	2	-	-
Шамадан	>>	1	5	1	5
;Жұмсақ мүкәммал Ақ жайма	дана	3	2	5	2
Көрпетыс	>>	2	3	3	3
;Жастықтың ішкі тысы	>>	1	4	1	4
;Жастықтың сыртқы тысы	>>	3	2	3	2
;Вафельді, мақта-матадан жасалған сүлгі	>>	3	2	3	2
;Түкті сүлгі	>>	3	3	3	2
;Жүн немесе мақта көрпе	>>	1	6	1	6
;Бәйке көрпе	>>	1	4	1	4
;Матрац	>>	1	4	1	3
;Мамыққауырсынды жастық	>>	1	8	1	8

;Төсек жапқыш	>>	1	6	1	6
;Кереует кілемшесі	>>	1	4	1	4
;					

Ескертулер:

1. Балалар үйлерінің, мектеп-интернаттардың директорларына сәнге байланысты және тәрбиеленушілердің қалауына орай осы тізбеге оның құны шегінде жекелеген өзгертулер енгізу құқығы беріледі.

2. Мектеп-интернаттар мен балалар үйлерінің тәрбиеленушілері қыстық пальтомен, аяқ киіммен, бас киімдермен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бекіткен тізім бойынша облыстар мен аудандарда қамтамасыз етіледі. Қыстық киім, аяқ киім беру көзделмеген аудандарда маусымдық пальто бір жылға, бәтеңке (туфли) 7 айға беріледі.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 31 наурыздағы
N 376 қаулысына
2 қосымша

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарына жоғары, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарында оқып жүрген студенттер мен оқушыларды киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз етудің

Мөлшері

Бұйым атауы	!	Өлшем	!	Беру мөлшері	!	Киілу
	!	бірлігі!	-----	!	мерзімі	
	!	жас өспі!	қыз	!	(жылы)	
	!	рімдерге!	дарға!			

1 2 3 4 5

Жылы балон куртке	дана	1	1	2
Жүннен тігілген жас өспірімдер костюмі (үштігі)	>>	1	-	2
;Жүннен тігілген қыздар костюмі (үштігі)	>>	-	1	2
;Қыздар кеудешесі	>>	-	1	1
;Жас өспірімдер көйлегі	>>	1	-	1
;Қыздар көйлегі	>>	-	1	1
;Қыздар кеудешесі мен белдемшесі	>>	-	1	1
;Жас өспірімдердің мақта-матадан тігілген костюмі	>>	1	-	1
;Жас өспірімдер майкасы	>>	1	-	1
;Қыздардың іш көйлегі	>>	-	1	1
;Қыздар трикосы	>>	-	2	1
;Трусилер	>>	2	2	1
;Бас киім:				
қыстық	>>	1	1	2
; күздік	>>	1	1	2
;Туфли	жүп	-	1	1
Бәтеңке	жүп	1	-	1
Жылы етік (қысқа қонышты етік)	>>	1	1	1
;Керзі етік				
	>>	1	1	1
;Жас өспірімдердің қысқа жеңді көйлегі	дана	2	-	1
Қыздардың жазғы көйлегі	>>	-	2	1
;Спорттық шәрки	жүп	1	1	1
Қолғап (биялай)	>>	1	1	1
;Мақта-матадан тоқылған шұлық	>>	4	-	1
;Жүннен тоқылған шұлық	>>	2	-	1
;Колготкалар	>>	-	4	1
;Жартылай жүнді колготкалар	>>	-	2	1
;Косынка (шарф)	дана	1	1	1
Қол орамал	>>	4	4	1
;Жаттығу костюмі	>>	1	1	1
;Мақта-матадан тоқылған шаңғылық				

костюмі	>>	1	1	2
;Бюстгальтер	>>	-	2	1
;Қыздар көйлегі	>>	-	1	1

; Ескерту. Оқу орындарының басшыларына осы тізбеге оның құны шегінде кейбір өзгерістер енгізуіне құқық беріледі.

Керзі етік селолық кәсіптік-техникалық училищелердің оқушыларына беріледі.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 31 наурыздағы
N 376 қаулысына
3 қосымша

Сәбилер үйінде тәрбиеленуші балаларды киіммен,
аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету

МӨЛШЕРІ

Атауы ! Балалардың жас мөлшеріне қарай
! -----
!1 жасқа дейін! 1 жастан ! 2 жастан
! !2 жасқа !3 жасқа
! ! дейін ! дейін
!-----!-----!-----
! саны! киілу ! саны! киілу! саны! киілу
! !мерзімі! !мерзімі !мерзімі
! ! (жыл) ! !(жыл) ! !(жыл)

1 2 3 4 5 6 7

Іштен киетін және төсек
киім-кешегі

Іш көйлек, майка, алды ашық

жеңсіз көйлек 25 3 10 3 10 3

Кофта, пижама, түнде

киетін көйлектер 12 3 15 3 6 2

Еңбектеу бітеу киімі, труси, трико (жылы)	40	3	40	3	10	2	
Еңбектеу бітеу киімі, труси, трико (жаздық)	30	3	30	3	10	2	
Ақжаймалар	7	3	8	4	8	4	
Жазғы жаялық	130	3	50	3	10	2	
Жылы жаялық	30	4	10	4	-	-	
Көрпетыс (конверт)	8	3	8	4	5	4	
Жастықтың сыртқы тысы		7	3	7	3	5	3
Жастықтың ішкі тысы		1,5	2	1,5	2	1,5	2
Жастық тысы	-	-	1,5	3	1,5	3	
Балалар орамалы	4	2	8	3	8	3	
Косынқалар, тақия	5	3	5	3	5	3	
Киім және аяқ киім							
Жылы костюм (көйлек)	-	-	6	3	6	3	
Жаздық костюм (көйлек)	-	-	8	3	8	3	
Тоқыма жаттығу костюмі	-	-	-	-	2	2	
Алжапқыштар	-	-	3	2	3	2	
Шұлықтар, гольфтар	5	1	10	1	10	1	
Колготкилер	-	-	20	1,5	12	1	
Жүннен (жартылай жүннен)							
тоқылған свитер, жакет, кофта	1,5	3	2	4	2	4	
Рейтуздар	-	-	2	2	2	2	
Су өткізбейтін куртке (плащ)	-	-	-	-	1	2	
Маусымдық пальто	-	-	1	2	1	2	
Қыстық пальто	-	-	1	2	1	2	
Жаздық бас киімдер (панамка, пилотка)	-	-	3	3	3	3	
Балалардың мехтан жасалған бас киімі	-	-	1	3	1	3	
Жүннен тоқылған бас киім	1,5	2	1,5	2	2	2	
Шарф, мойын орамал	-	-	1	2	1	2	
Қолғаптар	-	-	2	2	3	3	
Жүннен тоқылған шұлықтар	4	2	3	1,5	3	1,5	
Туфлилер	-	-	2	1	2	0,5	
Бәтеңкелер	1	1	1	1	1	1	
Бәтеңкелер, іші жылы етіктер	-	-	1	2	1	1	
Пималар	-	-	1	3	1	3	
Пима галоштары	-	-	1	3	1	3	

Резеңке етіктер	-	-	-	-	1	2
Мерекелік жылы костюмдер (көйлектер)	-	-	1	2	1	2
Мерекелік жазғы костюмдер (көйлектер)	-	-	1	2	1	2
Жібек, капрон ленталар (метр есебімен)	-	-	2	2	2	2
Мерекелік аяқ киім (чешкілер және т.б.)	-	-	2	2	2	2
Төсек-орын және өзге де бұйымдары						
Балалар матрацтары	2	3	1,5	3	1,25	3
Мақта салып тігілген жылы балалар көрпелері	2	3	1,5	3	1,1	3
Жүн көрпелер, жартылай жүн көрпелер	1,25	5	1,25	5	1,1	5
Бәйкіден жасалған балалар көрпелері	2,5	3	1,5	3	1,25	3
Матадан жасалған балалар көрпелері	1	5	1	5	1	5
Жастықтар	2	4	1,5	4	1,5	4
Төсек қаптары	1	4	1	4	1	4
Тығыз матадан жасалған зат қаптары	0,5	4	0,5	4	0,5	4
Кереует қаптары	2	4	2	4	2	4
Ыдыс орамалдары	0,25	1	0,25	1	0,25	1
Қол орамалдар (салфеткалар)	10	1	10	10	10	1

Ескерту. Сәбилер үйлерінің бас дәрігерлеріне сәбилер үйлеріндегі балаларды киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету мөлшеріне бір балаға тиесілі толық жиынтық құнының шегінде жекелеген өзгерістер енгізуіне құқық беріледі.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 31 наурыздағы
N 376 қаулысына
4 қосымша

Жалпы үлгідегі жалпы білім беретін мектеп-интернаттар,
дене немесе ақыл-ойының жетілуінде кемістігі бар балаларға

арналған (жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардан басқа) мектеп-интернаттар тәрбиеленушілерін, сондай-ақ мемлекет толық қамтамасыз ететін мектептер жанындағы интернаттарда және тәрбиенің ерекше жағдайына мұқтаж балалар мен жас өспірімдерге арналған мектептердегі оқушыларды киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету

Мөлшері

Атауы	! Өлшем ! Бір тәрбиеле ! Киілу мерзімі бірлігі!нушіге мөлшері! мі (жыл)		
1	2	3	4
Киім-кешек			
Қыстық пальто	дана	1	3
Маусымдық пальто, куртке	>>	1	3
;Мектеп киімі	жиынтығы	1	2
Ер балалардың (балалар ұйымының киімін қосқанда)			
мақта-маталы костюмі	>>	3	2
;Қыз балалардың мақта-маталы көйлегі (белдемше, кеудеше), балалар ұйымының киімін қосқанда			
;Қыз балалардың формалы көйлегіне алжапқыштар:			
қара мақта-матадан	дана	1	2
ақ мақта-матадан	>>	1	4
;Ер балалардың мақта-матадан тігілген сырт көйлектері			
	>>	4	2
;Жүннен тоқылған свитер (жемпір)	>>	1	2
;Қыз балалардың рейтуздары	>>	2	2
;Жағалар	дана	3	1
Қол орамалдар	>>	4	1
;Ер балалар шалбарының белбеуі	>>	1	2
;Жаздық бас киім	>>	1	2
;Қыстық бас киім	>>	1	3
;Жартылай жүннен тоқылған шарф	>>	1	3
;Қолғаптар (биялай)	жүп	1	1
Ішкі киім	жиынтығы	3	3

Қыз балалар бюстгальтерлері	дана	3	2	
Сәтеннен тігілген трусилер	>>	2	1	
;Қыздар трикосы	>>	3	2	
;Спорт формасы және кедалар	жиынтығы	1	2	
Майкалар	дана	2	1	
Мақта-матадан тоқылған				
шұлық, ұйық, гольфтар	жүп	3	1	
Бәтеңке, туфли	>>	1	8 ай	
;Жүннен тоқылған шұлық, ұйық,				
гольфтар	>>	1	1	
;Шәркілер	>>	1	8 ай	
;Пима немесе жылы аяқ киім	>>	1	2	
;Шаңғы костюмі	дана	1	3	
Түнгі көйлек, пижама	>>	2	2	
;Колготкілер	>>	2	1	
;Жұмыс комбинезоны	>>	1	2	
;				
Жұмсақ мүкәммал				
Ақ жаймалар	дана	3	3	
Көрпе тыстары	>>	3	4	
;Жастықтың сыртқы тысы	>>	3	3	
;Жастықтың ішкі тысы	>>	1	5	
;Орамал (аяқ сүртетін сүлгіні қоса)>>		3	1	
;Түкті сүлгі	>>	1	2	
;Жүннен, мақтадан жасалған көрпе	>>	1	6	
;Бәйкі көрпе	>>	1	5	
;Матрац	>>	1	8	
;Төсек жапқыш	>>	1	6	
;Мамық қауырсынды жастық	>>	1	8	

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 31 наурыздағы
N 376 қаулысына
5 қосымша

Яслидегі, бала бақшасындағы және мектепке дейінгі
санаториялық мекемелердегі балаларды тамақтандыру мөлшері
(бір балаға күніне граммен)

Өнімдер ! Балалардың жас мөлшеріне қарай ! Мектеп жа

!-----!сына дейінгі

! 3 жасқа дейінгі! 3-тен 7 жасқа !санаторлық

! ! дейін !мекемелердегі

!-----!балалар жас

! ұзақ уақыт болатын мекемелерде !мөлшері

!-----!-----

!9-10,5!12-24!9-10,5!12 сағ!24 са!3 жас ! 3 жас

!сағат !сағат!сағат ! ат !ғат !қа дей!тан 7

! ! ! ! ! !ін !жасқа

! ! ! ! ! ! !дейін

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8

Бидай наны	55	60	80	110	110	70	110
Қара бидай наны	25	30	40	60	60	80	60
Бидай ұны	16	16	20	25	25	16	25
Картоп ұны	3	3	3	3	3	3	3
Жарма, бұршақ, макарон өнімдері	20	30	30	45	45	35	45
Картоп	120	150	190	220	220	150	250
Әр түрлі көкөністер	180	200	200	250	250	300	300
Жас жемістер	90	130	60	60	150	250	350
Кептірілген жемістер	10	10	10	10	15	15	15
Кондитер тағамдары	4	7	10	10	10	10	15
Қант	35	50	45	55	55	50	60
Сары май	12	17	20	23	25	30	35
Өсімдік майы	5	6	7	9	9	6	10
Жұмыртқа (дана)	0,25	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1
Сүт	500	600	420	500	500	700	700
Сүзбе	40	50	40	40	50	50	75
Ет	60	85	100	100	100	120	160
Балық	20	25	45	50	50	25	70
Қаймақ	5	5	5	10	15	20	25
Ірімшік	3	3	5	5	5	10	10
Шәй	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2	0,2
Дәнді кофе	1	1	2	2	2	1	2
Тұз	2	2	5	5	8	5	8
Ашытқы	1	1	1	1	1	1	1

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 31 наурыздағы
N 376 қаулысына
6 қосымша

Сәбилер үйлеріндегі балаларға берілетін тамақтың
Мөлшері

Өнімдер	! Бір балаға күніне грамм ! есебімен	
Бидай наны	100	
Қара бидай наны	50	
Бидай ұны	20	
Картоп ұны	3	
Жарма, бұршақ, макарон өнімдері		35
Картоп	150	
Әр түрлі көкөніс	300	
Жас жемістер	250	
Кептірілген жемістер	15	
Жеміс шырыны	50	
Кондитер тағамдары	10	
Қант	50	
Сары май	30	
Өсімдік майы	6	
Жұмыртқа (дана)	1	
Сүт	700	
Сүзбе	50	
Ет	120	
Балаға және диеталық тамақ үшін еттен жасалған консервілер		50
Балық	25	
Қаймақ	20	
Ірімшік	10	
Шәй	0,2	
Кофелік сусын		1
Тұз	5	
Ашытқы		1

Ескерту. Іш ауруымен, туберкулезбен үнемі ауыратын балалар, денсаулығы әлсіз балалар, сондай-ақ оқшаулағышта жатқан балалар үшін 15 проценттік үстеме сақталынады.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 31 наурыздағы
N 376 қаулысына
7 қосымша

Балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың, жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, ақыл-ойының жетілуі мен дене бітімінде ауытқушылығы бар балалар оқитын арнаулы мектептердің, ерекше жағдайда тәрбиелеуді қажет ететін балалар мен жас өспірімдерге арналған мектеп-интернаттар мен кәсіптік-техникалық училищелердің, санаториялық үлгідегі мектеп-интернаттардың, жалпы білім беретін, орта арнаулы музыкалық және көркемөнер мектептері жанындағы интернаттардың интернат үйлерінің тәрбиеленушілерін, сондай-ақ ішкі істер органдарының қабылдау-бөлу орындарына түскен балалар мен жас өспірімдерді тамақтандыру
Мөлшері

Өнімдер ! Бір тәрбиеленушіге күніне грамм
! мөлшерімен
!-----
! мектеп жасына ! мектеп жасында
! дейін ! ғы

1 ! 2 ! 3

Қара бидай наны	60	150	
Бидай наны	100	200	
Бидай ұны	35	35	
Картоп ұны	3	3	
Жарма, бұршақ, макарон өнімдері		45	75
Картоп	300	400	
Көкөніс және онан басқа түрі		400	470
Жас жемістер	260	250	

Шырындар	200	200	
Кептірілген жемістер	10	15	
Қант	55	70	
Кондитер тағамдары	25	25	
Кофе	2	4	
Какао	1	2	
Шәй	0,2	0,2	
Ет	95	100	
Күс еті	25	30	
Балық және май шабақ	60	110	
Шұжық өнімдері	10	25	
Сүт, сүттен ашытылған тағамдар		500	500
Сүзбе	50	70	
Қаймақ	10	10	
Ірімшік	10	12	
Сары май	35	50	
Өсімдік майы	12	18	
Жұмыртқа (дана)	1	1	
Дәмдеуіш	2	2	
Тұз	8	8	
Ашытқы	1	1	

Ескертулер:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінде (90 күнге дейін), жексенбі, мереке, каникул күндері тамақтандыруға жұмсалатын шығының мөлшері 10 процентке көбейтіледі.

2. Денсаулық сақтау министрлігі Қаржы министрлігімен келісуі бойынша бекіткен негізгі тағамдар бойынша кестеге сәйкес кейбір тағамдардың түрлерін алмастыруға рұқсат етіледі.

3. Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы балалар үйлері мен мектеп-интернаттар тәрбиеленушілерін орта кәсіптік-техникалық училищелерде, жоғары және орта оқу орындарына оқуға түсуге жібергенде, оларға балалар үйлері мен мектеп-интернаттарға бөлінген қаражат есебінен жол жүру және тәуліктік жолда болған уақыты үшін қызмет бабындағы іссапарларының нормалары бойынша шығындары төленеді.

4. Барлық үлгідегі балалар үйлерінің, мектеп-интернаттардың басшыларына жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға олар каникул, жексенбі, мереке күндері туысқандарының немесе жекелеген

азаматтардың отбасыларында болған кезінде, сондай-ақ ауырып қалған кезде тамақтандыру мөлшеріне сәйкес

тағамдар беруге немесе тағамның құны шегінде қолма-қол ақша беруге рұқсат етіледі.

5. Дене бітімі немесе ақыл-ойының жетілуінде кемістігі бар балаларға арналған жалпы білім беретін арнайы мектеп-интернаттарда оқитын (тұрағынсыз) оқушылардың тамағына жұмсалатын шығындардың ақшалай нормасы күніне бір оқушыға шаққанда тамақ құнының 75 проценті мөлшерінде белгіленеді.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 31 наурыздағы
N 376 қаулысына
8 қосымша

Орыс тілі тереңдетіле оқытылатын және әскери дене шынықтыру даярлығы күшейтіле жүргізілетін мамандандырылған мектеп-интернат, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернат оқушыларына тамақтандыру Мөлшері

Өнімдер ! Бір оқушыға күніне грамм ! мөлшері

Қара бидай наны	250	
Бидай наны, тоқаш тағамдары		300
Бидай ұны	30	
Крахмал	5	
Жарма, бұршақ, макарон өнімдері		125
Қант, тәттілер	120	
Бал	20	
Кондитер тағамдары		60
Сары май	30	
Өсімдік майы	18	
Сүт, ашытылған сүт өнімдері		450
Қаймақ	20	
Сүзбе	70	

Бидай ұны	35	
Картоп ұны	3	
Жарма, бұршақ, макарон өнімдері		75
Картоп	400	
Көкөніс және басқа түрі		470
Жас жеміс	250	
Шырындар	200	
Кептірілген жемістер		15
Қант	70	
Кондитер тағамдары		25
Кофе	4	
Какао	2	
Шәй	2	
Ет	160	
Құс еті	30	
Балық және май шабақ		110
Шұжық өнімдері		25
Сүт, ашытылған сүттен жасалған өнімдер		500
Сүзбе	70	
Қаймақ	10	
Ірімшік	12	
Сары май	50	
Өсімдік майы		18
Дәмдегіш		2
Тұз	8	
Ашытқы	1	
Жұмыртқа (дана)		1

Ескертулер:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінде (90 күнге дейін) жексенбі, мереке және каникул күндерінде тамаққа жұмсалатын шығын мөлшері 10 процентке көбейтіледі.

2. Ыстық тамақ болмай қалған кезде, сондай-ақ тамақ бір-екі рет қана болған жағдайда студенттер мен оқушыларға сол тамақтың орнына алынған тамақтың өтелінбеген құны мөлшерінде (сауда үстеме бағасы ескеріліп) толық немесе ішінара ақшалай өтемі беріледі.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 31 наурыздағы

№ 376 қаулысына

10 қосымша

Жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан барлық үлгідегі оқу-тәрбие мекемелерін бітіргендерге (соның ішінде кәсіптік-техникалық училищелер мен арнаулы орта оқу орындарын бітіргендерге) олар кәсіптік-техникалық, арнаулы орта және жоғары оқу орындарына оқуға түсер кезде берілетін киімдер мен аяқ киімдердің

Тізбесі

Атауы	! Өлшем бірлігі !	Бір тәрбиеленуші !	ге берілетін саны
-------	-------------------	--------------------	-------------------

1	!	2	!	3
---	---	---	---	---

Киім-кешек

Маусымдық пальто немесе жылы күздік куртке	дана	1		
Бас киім (күздік)	>>		1	
;Жылы шарф	>>		1	
;Қолғап	жүп	1		
Аяқ киім (күздік)	>>		1	
;Шәрки	>>		1	
;Іш көйлек	дана	2		
Түнгі көйлек (жейде)	>>		2	
;Бюстгальтер	>>		2	
;Қыздар рейтуздары	>>		2	
;Колготкілер	жүп	2		
Жас өспірімдер майкасы	дана		2	
Трусилер	>>		2	
;Мақта-матадан тоқылған шұлық	жүп		2	
Трико	дана	1		
Мақта-матадан тігілген жасөспірімдер көйлегі	>>		2	
;Ер бала шалбары	>>		1	
;Жүннен тігілген жасөспірімдер костюмі	дана		1	
Жүннен тігілген қыздар костюмі	>>		1	
;Мақта-матадан тігілген көйлек	>>		1	
;Үйде киетін халат	>>		1	

;Қол орамалдар	>>	2
;Сүлгі	>>	1
;Шамадан немесе сөмке	>>	1
;Жеке бас гигиенасына қажетті заттар (сабын, шөтке, паста)		

Ескерту. Киімнің және аяқ киімнің жоғарыда аталған тізбесі бойынша жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған, азаматтардың қорғанышында (қамқоршылығында) жүрген балалар қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 31 наурыздағы
N 376 қаулысына
11 қосымша

Балалар үйлерінің тәрбиеленушілеріне, барлық үлгідегі мектеп-интернаттарда, кәсіптік-техникалық училищелерде, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында оқитын жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға олар еңбекке орналасқан кезде берілетін киім, аяқ киім, жұмсақ мүкәммал мен жабдықтардың
Тізбесі

Атауы	! Өлшем бірлігі !	Заттар саны
	! -----! -----	
	! жігіттерге ! қыздарға	

1	2	3	4
---	---	---	---

Киім-кешек			
Қыстық пальто	дана	1	1
Маусымдық пальто, куртке	>>	1	1
;Бас киім:			
қыстық	>>	1	1
; күздік	>>	1	1
;Жылы шарф	>>	1	1
;Қолқап (биялай)	жүп	1	1
Аяқ киім:			
күздік	>>	1	1

; жаздық	>>	1	1		
; қыстық (жылы)	>>		1	1	
;Шәркилер	>>		1	1	
;Іш-киім	жиынтығы	2	-		
Іш көйлек	дана	-	1		
Түнгі көйлек	>>		-	1	
;Бюстгальтер	>>		-	2	
;Колготкілер	жүп	-		2	
Трико	дана	-	2		
Мерекелік костюм, көйлек	>>			1	1
;Спорттық костюм	>>			1	1
;Жібек кеудеше	>>		-	1	
;Мерекелік көйлек	>>		1	-	
;Жүннен тоқылған сарафан (белдемше)	>>				- 1
;Жүн матадан тігілген шалбар	>>			1	-
;Сыртқы көйлек (кеудеше)	>>			1	1
;Мақта-матадан тігілген көйлек (костюм)	дана	1	1		
Күртеше немесе жемпір	>>			1	1
;Қол орамал	>>		2	2	
;Шұлықтар, гольфтар	жүп		2	2	
Портфель, сөмке	дана		1	1	
Шамадан	>>		1	1	
; Жұмсақ мүкәммал					
Зығыр сүлгі	дана	1	1		
Түкті бет орамал	>>		1	1	
;Жастықтың ішкі тысы	>>			1	1
;Жастықтық сыртқы тысы	>>			2	2
;Жүн көрпе	>>		1	1	
;Ақ жаймалар	>>		2	2	
;Көрпе тысы	>>		2	2	
;Төсек жапқыш	>>		1	1	
;					
Жабдықтар					
Мақталы матрац	дана		1	1	
Жастық	>>		1	1	
;Кереует	>>		1	1	
;Зат қойғыш	>>		1	1	
;Үстел	>>		1	1	

;Орындықтар	>>	2	2
;Терезе пердесі	жұп	1	1
Ыдыстар			
Ас үйлік	жиынтық	1	1
Асханалық	>>	1	1
; Ескертулер:			

1. Жоғары, арнаулы орта және кәсіптік-техникалық оқу орындарының басшыларына оның құны шегінде осы тізбеге жекелеген өзгертулер енгізу құқы беріледі. Студенттер мен оқушылардың қалауы бойынша киімнің, аяқ киімнің, жұмсақ мүкәммалдың және жабдықтың орнына (ерекшелік ретінде) қолмақол ақша беруге немесе киім, аяқ киім, жұмсақ мүкәммал мен жабдық сатып алуы үшін оны студенттің (оқушының) жинақ банкісіндегі дербес шотына аударуға рұқсат етіледі.

2. Студентті, оқушыны жұмысқа орналасуға (немесе оқуға) жібергенде, оларға бұрынғы оқу кезінде пайдаланған кию мерзімі өтпеген киім және аяқ киімдерін қалдыруға (қалауы бойынша) рұқсат етіледі. -----
